

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИА ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

COLLECTION OF REPORTS

of the International scientific and practical conference

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

**АСТАНА, 2024
ASTANA, 2024**

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДА ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ТARTУ САЯСАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Бейшен Б.Ш.

магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ, Қазақстан Республикасы
E-mail: beishenberik@gmail.com

Аннотация: Қазақстандағы инвестиция туралы мақалада жеңілдіктер мен қолдау арқылы инвесторларды тарту шаралары қарастырылған. Бұл салықтан босату, гранттар мен кедендік жеңілдіктерді қамтиды. Сонымен қатар жолдарды, энергетиканы және интернетті дамытудың маңыздылығы атап өтіледі. Сондай-ақ, соттардың тәуелсіздігі мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жақсарту мәселелері де қарастырылған. Мақалада инвесторлар үшін саясатты қалай тиімдірек ету керектігі туралы сұрақтар көтеріледі.

Кілт сөздер: *Инвестициялық келісімшарттар, преференциялар, мемлекеттік қолдау, салық жеңілдіктері, жобалар, инфрақұрылым, стандарттар, инвестициялық даулар*

Abstract: The article on investment in Kazakhstan discusses measures to attract investors through incentives and support. This includes tax exemptions, grants and customs privileges. The importance of road, energy and internet development is emphasised. Problems with the independence of the courts and the need for better co-operation between government agencies are also highlighted. The article raises questions about how to make policies more effective for investors.

Keywords: *Investment contracts, preferences, state support, tax incentives, projects, infrastructure, standards, investment disputes.*

Аннотация: Статья об инвестициях в Казахстане рассматривает меры по привлечению инвесторов через льготы и поддержку. Это включает освобождение от налогов, гранты и таможенные льготы. Важность развития дорог, энергетики и Интернета подчеркивается. Также отмечаются проблемы с независимостью судов и необходимость улучшения взаимодействия между государственными органами. Статья поднимает вопросы о том, как сделать политику более эффективной для инвесторов.

Ключевые слова: *Инвестиционные контракты, преференции, господдержка, налоговые льготы, проекты, инфраструктура, стандарты, инвестиционные споры.*

Қазақстан Республикасында инвестицияларды ынталандыру және тарту мақсатында заңды тұлғаларға тиісті преференциялар беріледі. Преференциялар уәкілетті органмен – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі Комитетімен жасалатын инвестициялық келісімшарттарда бекітіледі.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыру үшін келесідей мемлекеттік қолдау және ынталандыру шаралары көрсетілген:

1. Инвестициялық жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу аясында:

- 1) импортқа кеден баждары мен ҚҚС салудан босату;
- 2) инвестициялар көлемінің 30% - нан аспайтын мөлшердегі заттай гранттар.

2. Инвестициялық басым жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу аясында:

- 1) импортқа кеден баждары мен ҚҚС салудан босату;
- 2) инвестициялар көлемінің 30% - нан аспайтын мөлшердегі заттай гранттар беру.

3) инвестициялар көлемі кемінде 2 млн. АЕК болатын жаңа өндірістер құрылған жағдайда, корпоративті табыс салығынан және жер салығынан 10 жылға дейін босату және мүлік салығынан 8 жылға дейін босату;

4) инвестициялар көлемі 5 млн. АЕК-тен кем емес болатын өндірістерді жанарту жағдайында корпоративті табыс салығынан 3 жылға босату көрсетілген.

3. Инвестициялық жоба қызметтің басым түріне сәйкес келген жағдайда АЭА қатысушысы немесе еркін қойманың иесі болып табылатын, не моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімі бар, арнайы инвестициялық келісімшарт жасасу шеңберінде мыналардан

босатылады:

1) Технологиялық жабдықтың, оның жиынтықтаушы және қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және материалдардың, сондай-ақ шикізаттың және материалдардың импорты кезінде 15 жылға дейін кедендік баж салығын төлеуден босатылады

2) Дайын өнім құрамында тауарлар импорты кезінде ҚҚС төлеуден босатылады. Соның ішінде Қазақстанда 13 АЭА және 24 ИА жұмыс істейді, олар өз кезегінде инвесторларды әртүрлі салық пен кедендік баждардан босатады [5].

4. Экономиканың басым салаларында ірі инвесторлармен инвестициялар туралы келісімдер жасасу аясында (кемінде 7,5 млн. АЕК (~\$50 млн.):

- инвестициялар көлемінің 30% - нан аспайтын мөлшердегі заттай гранттар беру;
- технологиялық жабдықты, жиынтықтаушы және қосалқы бөлшектерді импорттау кезінде кедендік баждан босату;
- салық заңнамасының тұрақтылығы;

5. Салық кодексінде инвесторлар үшін алдағы кезеңдердің салықтарын төлеу мерзімін өзгертетін инвестициялық салықтық кредит алу құқығы көрсетілген, бұл ретте салық төлеушілерге 3 жыл ішінде кредит сомасын кейіннен кезең-кезеңімен төлей отырып, КТС және мүлік салығы бойынша өз төлемдерін азайтуға мүмкіндік береді (Салық кодексінің 49-1-бабы) [1].

6. Тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларын қолдау мақсатында осы салаларда жаңа объектілер құру кезінде басым жобалар бойынша инвестициялар шегі 2 млн. АЕК-тен (5,6 млрд. теңге) 1 млн. АЕК-ке (2,8 млрд. теңге) дейін 2 есе төмендетілді [1].

Кесте 1. Инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдау және ынталандыру шаралары

№	Мемлекеттік қолдау шаралары	Берілетін гранттар және жеңілдіктер
1	Инвестициялық жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу аясында	импортқа кеден баждары мен ҚҚС салудан босату
		инвестициялар көлемінің 30% - нан аспайтын мөлшердегі заттай гранттар
2	Инвестициялық басым жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу аясында	Импорт қа кеден баждары мен ҚҚС салудан босату
		инвестициялар көлемінің 30% - нан аспайтын мөлшердегі заттай гранттар
		КТС және жер салығынан 10 жылға босату және мүлік салығынан 8 жылға босату
3	АЭА қатысушысы немесе еркін қойманың иесі болып табылатын арнайы инвестициялық келісімшарт жасасу аясында	материалдардың импорты кезінде 15 жылға дейін кедендік баж салығынан босатылады
		дайын өнім импорты кезінде ҚҚС төлеуден босатылады.
4	Экономиканың басым салаларында ірі инвесторлармен инвестициялар туралы келісімдер жасасу аясында	инвестициялар көлемінің 30% - нан аспайтын мөлшердегі заттай гранттар
		технологиялық жабдықты, жиынтықтаушы және қосалқы бөлшектерді импорттау кезінде кедендік баждан босату
		КТС - тен, жер салығынан, 8 жыл мүлік салығынан босату
		кедендік баждан және импортқа ҚҚС-тан 5 жылға дейін босату
		күрделі шығындардың 20% өтеу мүмкіндігі
		жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы – 0%
<i>Ескерту - Дереккөздер негізінде автормен құралған [2]</i>		

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде (түзетулердің тоғызыншы топтамасы) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне мынадай түзетулер енгізілді:

- инвестициялар туралы келісім жасасу үшін басым қызмет түрлері тізбесінің 3-бөлігін

қайта қарау бойынша шектеулерді алып тастау;

- инвесторларға инвестициялық жобалар, инвестициялық басым жобалар және арнайы инвестициялық жобалар шеңберінде, инвестициялар туралы келісімдер шеңберінде қолданылатын инвестициялық преференциялар беру;

- Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерімен байланысты, қозғайтын немесе олардан туындайтын ережелердің шектеулерін инвестициялар туралы келісімнің ережелеріне енгізу [1].

Айта кететін жағдай, елімізде инвесторларды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселелері толықтай шешімін таппай отыр, нақтырақ айтатын болсақ кез келген инвестор үшін инвестициялау туралы шешім қабылдау кезінде автомобиль жолдары желілері, теміржол желілері, электр беру желілері, орталық кәріз жүйесі және интернет желілері шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Бұдан басқа, елге келетін инвесторлар ұлттық соттардың толық тәуелсіз болып табылмайтындығына және олардың сот шешімдері Қазақстанда толық орындалатынына күмән келтіріп, алаңдаушылық білдіретін жағдайлар көптеп кездеседі. Қазақстанда инвесторлармен байланысты дауларды шешу кезінде заң үстемдігінің сенімді халықаралық стандарттарын қамтамасыз ету қажеттілігі күн тәртібінде тұрған мәселе болып табылады.

Сонымен қатар инвестициялар тарту саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігіне тежеуші әсер ететін факторлардың бірі – орталық және жергілікті деңгейлерде тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі, ол функционалдық деңгейде инвестициялық саясатты іске асырудың, жүйелілігінің және келісілуінің жеткіліксіздігі, орындаушылар функцияларының аражігін нақты ажыратудың болмауы және жеткіліксіз болуы, функциялардың параллелизмі мен қосарлануының болуы болып табылады. Мысалы елімізде инвестициялық саясатты әзірлеу және іске асыру мәселелері бейінді емес мемлекеттік органдардың жекелеген ережелерінде ескерілмеген.

Ұлттық экономиканы дамытуда шетел инвестицияларын тарту саясатын талдау барысында инвестициялар тарту саласындағы қолданыстағы жүйе мен мемлекеттік саясаттың тиімділігіне теріс те, оң да әсер ететін ішкі және сыртқы органның мынадай негізгі факторларын атап көрсетуге болады.

Кесте 2. SWOT талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
<ol style="list-style-type: none"> 1. Инвестициялар тарту мәселесіне мемлекет тарапынан жоғары назар аударылуда. 2. Қолайлы іскерлік ахуал. 3. Елеулі минералдық-шикізат базасына ие болуы салдарынан елдің жоғары инвестициялық тартымдылығы. 4. ЕАЭО, Орталық Азия, Қытай және Үндістанның ірі тұтыну нарықтарына қолжетімділігі бар Қазақстанның тиімді географиялық жағдайы. 5. Ел экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесуге бағытталған даму институттары жүйесінің болуы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Инвесторлардың елдегі сот жүйесіне деген сенім деңгейінің төмендігі. 2. Мемлекеттік инвестициялар тиімділігінің жеткіліксіздігі. 3. Инвестицияларды тарту және ұстап қалу жөніндегі жұмыс шеңберінде әртүрлі мемлекеттік органдар мен даму институттары арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігінің жеткіліксіздігі. 4. Инвесторларды ақпараттық және коммуникациялық қолдаудың жеткіліксіз дамыған жүйесі. 5. Инвесторлар үшін жеткілікті дамымаған инфрақұрылым (көліктік-логистикалық, өндірістік, инженерлік, сауда инфрақұрылымы). 6. Экономикадағы негізгі қорлар тозуының жоғары деңгейі және соның салдарынан шығындардың жоғары деңгейі және еңбек өнімділігінің төмендігі. 7. Инвестициялық заңнаманың жетілмегендігі. 8. Заң жобалары мен өзге де Реттеу құжаттарын әзірлеу және талқылау процесіне инвесторларды тартудың төмендігі. 9. Инвесторлар үшін валюталық тәуекелдер.
Мүмкіндіктері (O)	Қауіп-қатерлері (T)
<ol style="list-style-type: none"> 1. Елдегі инвестициялық режимді одан әрі ырықтандыру, әлемдік капитал нарықтарын- 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Саяси тұрақсыздық нәтижесінде елдің инвестициялық тартымдылығының төмендеуі.

<p>дағы елдің оң инвестициялық имиджін нығайту.</p> <p>2. Әлемдік экономика мен Қазақстан экономикасындағы құрылымдық өзгерістерді ескере отырып, қолданыстағы инвестициялық келісімдерді қайта қарау.</p> <p>3. «Жасыл» экономикаға кезең-кезеңмен көшуге және цифрлық технологияларды дамытуға ықпал ететін жобаларды іске асыру [4].</p> <p>4. ЕАЭО нарықтарына, атап айтқанда Ресей мен Орталық Азия елдеріне бағдарланған жобаларды іске асыру [4].</p> <p>5. Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетін инвестициялық жобаларға ынталандырудың жекелеген шараларын құру.</p> <p>6. АХҚО алаңын, оның ішінде оның құқықтары мен инвестициялық дауларды шешу тетіктерін қолдану.</p>	<p>2. Минералды-шикізат базасының сарқылуы.</p> <p>3. Елдердің көміртекті бейтараптыққа көшуі нәтижесінде Қазақстанның табиғи ресурстарының инвестициялық тартымдылығының төмендеуі.</p> <p>4. Ішкі инвесторлардың төмен инвестициялық белсенділігі және шетелдік капитал ағынының төмендеуі.</p> <p>5. Экономиканың құрылымдық теңгерімсіздігі мен инвестиция бағытталуынан экономикадағы жоғары тәуекелдерді сақтау.</p> <p>6. Негізгі капиталға инвестициялардың, сондай-ақ тікелей шетелдік инвестициялардың өсу қарқынының және төмен көлемінің қысқаруына байланысты елдің қазіргі бәсекелестік артықшылықтары мен өнеркәсіптік әлеуетін жоғалту.</p> <p>7. Инвестициялар үшін, оның ішінде көрші елдер тарапынан жаһандық бәсекелестіктің шиеленісуі және соның салдарынан Қазақстаннан шетел инвестицияларының ықтимал ағыны.</p>
<p><i>Ескерту - Дереккөздер негізінде автормен құралған [5]</i></p>	

Осылайша, шетелдік капиталды тарту процесі барлық елдер үшін, соның ішінде Қазақстан Республикасы үшін өте маңызды, өйткені капиталдың ерекшелігі оның әмбебап екендігінде. Анықталған SWOT-талдау арқылы жоғарыда келтірілген әлсіз жақтарды ескермеу инвестицияларды тарту үшін одан әрі мүмкін болатын ықтимал қауіптердің жүзеге асырылуына әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен бірге, осы жоғарыда аталған күшті жақтарды тиімді пайдалану арқылы қолда бар мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000120>
2. МНЭ РК «Концепция инвестиционной политики до 2025» года.
3. Доклад о мировых инвестициях. UNCTAD 2021. https://unctad.org/system/files/official-document/wir2021_overview_ru.pdf
4. ҚР Ұлттық Банкі ресми сайты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/nb?lang=ru>
<https://www.nationalbank.kz/kz>
5. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері. <https://stat.gov.kz/>

ӘОЖ: 338.45:662.5

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖӘНЕ АШЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮРДІС

¹*Бекназаров Б.Д., ¹Пазилов Г.А., Дүйсенбекұлы А.*

¹аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹ PhD аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

E-mail: bakytt.8080@mail.ru

Аңдатпа. Мемлекеттік тәуелсіздіктің өткен 33 жылы реформалар кезеңі болыуда, бәрінен бұрын экономикалық реформалар кезеңі болды. Оның негізгі стратегиялық міндеті еліміздің жоспарлы экономикасын нарықтық негіздерге ауыстыру болатын. Тиісінше барлық саяси және әлеуметтік жүйе, сондай-ақ қоғамдық құрылыс тұтас күйінде түпкілікті өзгеруде.

Қазіргі уақытта экономиканың ашықтыққа өтуі аймақтық және халықаралық өзара ісқимылдың әртүрлі аспектілері бойынша көршілес елдерге күшті әсер етуде. Әскери жоспар мәселелерінен бастап экономикалық ынтымақтастыққа дейін. Ашық экономикалық жүйелерге осы аймақтардың бірі Орталық Азия (ОА) болып табылады, ол соңғы онжылдықта өзінің, ең алдымен,